

Теректі ауданы Долин ауылдық округі Долинный, Төңкеріс ауылдары аумағында шектеу іс-шараларын тоқтату туралы

Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданы Долин ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушысының 2017 жылғы 7 қыркүйектегі № 22 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 11 қыркүйекте № 4894 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңдарына сәйкес, "Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрлігі "Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Теректі аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2017 жылғы 18 шілдедегі № 01-24/326 және 2017 жылғы 3 тамыздағы № 01-24/374 ұсыныстары негізінде Долин ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушы **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Теректі ауданы Долин ауылдық округінің Долин, Төңкеріс ауылдарының аумағында мүйізді ірі қара малынан бруцеллез ауруының пайда болуына байланысты белгіленген шектеу іс - шаралары тоқтатылсын.

2. Теректі ауданы Долин ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 15 шілдедегі № 4 "Теректі ауданы Долин ауылдық округінің Долинный, Төңкеріс ауылдары аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3955 тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 29 шілдеде жарияланған) және 2016 жылғы 22 маусымдағы № 2 Теректі ауданы Долин ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 15 шілдедегі № 4 "Теректі ауданы Долин ауылдық округінің Долинный, Төңкеріс, Шөптікөл, Қоныссай ауылдары аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4473 тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 18 шілдеде жарияланған) шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Долин ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы (Б.Рахматуллина) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК